

кедейлерге қамқормыз, желейміз, жебейміз» деген ұрандар еліктіріп әкетті. Оның үстіне зорлық-зомбылық етек алып, халықты еріксіз мойындауға мәжбүр етті.

Бұл төңкеріс жалпы ұлттық емес, жұмысшылар мен шаруалардың ғана мүддесін қорғаған таптық революция екендігін түсінген А. Байтұрсынов 1918 жылы «Асығу керек» атты мақаласында: «Біз тізгінімізді өзіміз алып, өз ұлтшылдығын өзі сақтайтын жұрт болу үміті үстінде тұрмыз... Келген дәуірдің амал-ісін танып, қадірін біліп қайталанбай қалып соңынан өкініп жүрмелік. Өткен дәуір, өткен өмір сияқты бір келген күйінде қайта айналып келмейді. Осы жағын естен шығармай тез іске кірісу керек» [10], – деп жазған болатын.

А. Байтұрсыновтың бұл пікірін біреу қолдаса, біреу қолдамады. Өйткені, ол кезде оқыған азаматтар аз еді, оқығандардың ниеттері түзу болғанымен, көбісі ақ-қараны ажырата алмады.

Алаш азаматтары дұрыс жолды таңдап, әділдігін айтып, ақиқатқа жүгінгенін өмір көрсетті.

Қорыта айтқанда Алаш идеясының маңыздылығы мынада:

Бірінші. Көшпелі салт-дәстүрді ұстанған қазақ халқының санасы, өмір сүру мазмұны рулық-тайпалық деңгейде болды. Алаш қайраткерлері оқу-білім, саяси іс-әрекеттер арқылы халықтың ой-санасын ұлттық деңгейге көтерді.

Екінші. Алаш дәуірі Ресей империясы қазақ даласын отар елге айналдырып, халықтың мойнына отаршылдықтың қамытын кигізіп, ой-санасына құлдық психологияны еріксіз сіңіріп, бүкіл бір елді мемлекеттігінен айырған себепті, қазақ зиялылары өзін-өзі басқару, бөлек мемлекет болуға деген ұмтылысы бәсеңдеп, үміті сөне бастаған кезең еді. Алаш қайраткерлері осыған қарамастан жұрт санасына егемен ел болу, жеке дара мемлекет болу идеяларын көтерді.

Алаш қайраткерлерінің осыдан бір ғасыр бұрын айтқан ой-пікірлері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегімен үндесіп, үйлесім тауып жатқандығы айқын.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – Алаш ардақтылары армандаған, бостандық жолында өмірлерін қиған мемлекет.

Әдебиет тізімі

1. Сәбитұлы, Х. Асан қайғы. Бұл заманда не ғаріп? Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. –Т. 1. – 25 б.
2. Доспамбет. Айналайын Ақ Жайық. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 33 б.
3. Мөңкеұлы, М. Еділді тартып алғаны. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Қазақ университеті. 2001. –Т. 1. – 323 б.
4. Дулатов, М. Қазақ съезі // Қазақ, 1 сәуір. – 1917.
5. Бөкейханов, Ә. Ашық хат // Қазақ, 1915. – № 94.
6. Бөкейханов, Ә. Рухани мәдениет қарауынан // Қазақ, 1915. – № 118.
7. Байтұрсынов, А. Ұлт рухы: қанатты сөздер. – Алматы, 2015.– 28 б.
8. Дулатов, М. Ұлт матбұғаты // Қазақ, 10 сентябрь, 1918. – № 2. – 64 б.
9. Дулатов, М. Г. Дума һәм солдаттың мәселесі // Қазақ, 9 февраль. – 1916.
10. Байтұрсынов, А. Асығу керек // Абай журналы. – № 7. – 1918.

Байдалы, Р.Ж.,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих мамандағының PhD докторанты
Астана қ., Қазақстан*

АЙДАРХАН ТҰРЛЫБАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ-САЯСИ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

А. Тұрлыбайұлы 1877 жылы 25 тамызда бұрынғы Ақмола облысы, Көкшетау уезі, Мезгіл болысы №1 ауылында дүниеге келген. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша

ауданы, Талап ауылы. Оның әкесі Тұрлыбай Арғын-Қарауыл руынан тараған Шәмектің ұрпағы.

Тұрлыбайдың көзі ашық, көкірегі ояу болса керек, оқуға қабілетті Айдарханды Көкшетау қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінің интернатында оқытады. Оны бітіргеннен кейін тумысынан зерек баласын 1889 жылы Омбыдағы бірінші классикалық ерлер гимназиясына оқуға береді. Сөйтіп, Айдархан Ақмола облысының степендианты атанады. А. Тұрлыбайұлы гимназияны 1897 жылы бітірісімен Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне өз өтінішімен оқуға қабылданады. Қазір Санкт-Петербург Орталық Мемлекеттік тарих мұрағатында студент Тұрлыбаевтың 56 беттен тұратын жеке ісі мен 75 беттен тұратын диплом жұмысы сақтаулы тұр [1]. Ол студент кезінде қазақ оқығандарымен тізе қосып, елмен байланысын үзбей «Киргизская степная газетаның» белсенді қызметкері болады [2, 1 б.]. Азаматтық мектептен өтіп, саяси көзқарасы қалыптасады. Заңгер ретінде университет ректоры профессор Гольмстеннің жетекшілігімен «Обычное право киргиз:-брачное право киргиз» тақырыбында диплом жұмысын жазып «өте жақсы» деген бағаға қорғап шығады [3, 1 п.].

1902 жылы Санкт-Петербург университетін бірінші дәрежелі дипломмен бітіргеннен кейін Омбы сот палатасында еңбек жолын бастайды. Ол Омбы, Томск және Тобыл аймақтық соты саласында сот қызметінің кіші кандидаты, азаматтық департамент хатшысының көмекшісі, коллеждік хатшы, сот қызметінің жоғарғы кандидаты, дәрежелі кеңесші, сот, коллеждік ассесор, алқа кеңесшісі, Омбы аймақтық сотының мүшесі деген лауазымды қызметтер атқарады [4].

Оның студент кезінде басталған қоғамдық-саяси қызметі, жоғарыда аталған заңгерлік қызметінде арта түседі. Бұл туралы профессор Қ. Әбуев мынадай мәліметтерді келтіреді: «1902 жылы елге оралған Айдархан зиялылармен бірге ұлт болашағы үшін күреске белсене араласады» [5, 143 б.] – десе, Ал, тарих ғылымдарының докторы Н. Шаяхметов Алашты қолдаған Ақмола облысындағы ұлт зиялыларының ішінде басқа аймақтармен салыстырғанда саясат майданында ысылғаны – А. Тұрлыбаев, Е. Итбаев, С. Жанайдаров сынды қайраткерлер ғана болатын-деп атап өтеді [6, 74 б.]. Бұл ғалымдардың тұшымды тұжырымдарын мұрағат деректері дәлелдей түсті. А. Тұрлыбаев студент кезінен бастап, ақпан төңкерісіне дейін қазақ зиялыларымен бірге ұлт-азаттық күрес сапында болды. «Наурызбай Таласов» ісі бойынша сақталған мұрағат деректерінде Тұрлыбаевтың есімі жиі кездеседі. Көкшетау уезінің бастығы Троицкийдің папортында 1899 жылы мен Санкт-Петербургте гвардия полковнигі қазіргі демалыстағы Валиханмен кездестім. Онымен қарым-қатынас жасайтын достарының арасында саяси жағынан сенімсіз, М. Сердалин, студент А. Тұрлыбаев, Науан Хазірет, Ш. Қосшұғұловтарды атайды, міне осы есімдері аталған кісілермен қатар ол, Қотыркөл болысындағы үйіне келген сайын көп адам жиналады деп 1903 жылдың 3 сәуірінде өз рапортында жазады [5, 137-138 бб.]. Осы Троицкий А. Тұрлыбаевты агент, Қосшұғұлов пен Таласовтың істеріне Омбылық адвокат Поваренныймен байланыстырушы, олар қалалар мен болысты аралап үгіт-насихат жүргізуде деген мәліметтерін келтірген [5, 128-129 бб.]. Міне студент кезінен басталған Тұрлыбаевтың саяси күресі, кейін де өз жалғасын тауып, 1916 жылдағы дүрбелеңді кәнігі ысылған адвокат ретінде қарсы алды.

Ақпан оқиғасынан кейін А. Тұрлыбаев саяси өмірде белсенділік танытып, қазақ интелегенциясымен байланыса отырып, өңірдің ірі саяси-экономикалық жағдайын өзгертуге үміт артады. 1917 жылы 2 наурызда Дала генерал-губернаторлығының орталығы Омбы қаласында Қалалық дума мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің біріккен отырысында жаңа билік органын ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Осында оның ықпалымен Омбы коалициалық комитеті құрылады. Оның құрамына 15 адам сайланады. Ал, ондағы қазақ бөлімінің меңгерушісі болып А. Тұрлыбаев тағайындалады. Осымен қатар бір уақытта 10 адамнан тұратын Омбы облыстық қазақ комитеті құрылады. 3-і мен 7 сәуір аралығында Омбы коалициалық комитетімен облыстық қазақ комитетінің қарым-қатынасы және оның қазақ ауылдарындағы билікті ұйымдастыру сұрағы тыңдалады. 7 сәуірде қазақ комитеті

бөлімінің менгерушісі А. Тұрлыбаев қазақ шоғырланған елді мекендерде ауылдық, болыстық ұйым құру және 23 сәуірде қазақ өкілдерімен съезд ұйымдастыру үшін комиссарларға куәлік беріп, іс-сапарға жібереді. Барлық қазақ комиссарлары А. Тұрлыбаевтың ұсынысымен бекітіліп, болыстық комиссардың куәлігі мен төсбелгі алады [7, 272 б.].

1917 жылдың 25 сәуірі мен 7 мамыр аралығында Омбы қаласында «Ақмола облысының қазақ съезі» деген үлкен жиын өтеді. Оған облыстың барлық уездерінен, яғни Омбы, Қызылжар, Көкшетау, Атбасардан өкілдер жиналады. Жиналған қауым съездің төрағалығына А. Тұрлыбайұлын, төраға орынбасарына Е. Итбаев пен М. Дулатовты, хатшылыққа А. Сейітұлын, М. Саматұлын, Е. Тоқпайұлдарын сайлайды.

А. Тұрлыбаев жиналған жұртқа, кеңес басшылығына «тәңір жарылқасын» айтып, шама келгенше өзінің шын көңілмен қызмет ететінін білдіреді. Съезді құттықтап сөйлеген Омбы әскери округінің басшысы, генерал А. Григорев, Уақытша үкіметтің облыстық комиссары И. Заонов, Шаруалар Атқару Кеңесі Атқару Комитетінің төрағасы Юркевич, Омбы мұсылмандар бюросынан Ф. Каримов пен Ибатулин, Торғай облысы қазағынан М. Дулатов, Омбыдағы оқыған жастар атынан М.Саматов құттықтау сөз сөйлейді. Съездің күн тәртібінде 17 мәселе қаралады [8, 80, 85 бб.].

Ақмола съезі Торғай облыстық қазақ комитетіне мүше болған қайраткерлердің теориялық дайындығының жоғары екендігін және олардың саяси күрес тәжірибесінің молдығын мойындай отырып, жалпықазақтық съезд шақыруды сол комитет белгілеген комиссияға тапсыруды жөн деп табады. Ақмола облысынан бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат болып М. Жұмабаев сайланады. Съездің соңғы мәжілісінде А. Тұрлыбаев басқарған он адамнан тұратын Омбы облыстық қазақ комитеті құрылады [9, 104 б.].

I-ші Жалпы қазақ съезі 21-28 шілде аралығында Орынбор қаласында өтеді. Съезд жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 20-дан астам өкілдер қатынасады. Съездің күн тәртібіне 14 мәселе қойылады. Оның негізгілеріне тоқталсақ, Ресей «демократиялық федеративтік парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс», «қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін», қазақ саяси партиясын құру деген тағы басқа қаулыларын қабылдайды [10, 299–300 бб.].

Міне осы съезде А. Тұрлыбаев Ақмола облысынан делегат ретінде қатысып, Ақмола облысынан Бүкілресейлік құрылтайға және Бүкілресейлік мұсылмандар съезі – «Шора-и-исламға» делегат болып белгіленеді.

А. Тұрлыбаевтың ұйымдастыруымен Ақмола облысының екінші съезі 23-27 қыркүйекте Омбы қаласында өтеді. Оған Ақмола облысы уездерінің қазақ уәкілдері қатысады. Съезге А. Тұрлыбаев пен Сейітов төрағалық етеді. Съезде Тұрлыбаев заңгер ретінде қазақ арасындағы қылмыс, болыстық сот, қазақ арасына земстваны енгізу, «Займа Свободы» облигациясын қолдау туралы айтумен қатар, өз араларынан Томск қаласында өтетін Сібір облыстық съезіне делегат ретінде Е. Итбаевты таңдап алады [11, 3 б.].

1917 жылдары Алаш өкілдері Сібірдегі областник қозғалыс төрағасы, кадет және эсерлік қоғам қайраткерлерімен қазақ мүддесі үшін байланыс жасай бастайды. Сондықтан да 1917 жылы 8 қазанда Том қаласында өткен Сібір автономиясын құру мәселесін қарастырған жалпысібірлік бірінші съезге Ақмола облысынан А. Тұрлыбаев қатысады [12, 29 п.]. Съезд тұрақты түрде жұмыс жүргізіп отырған областник органы құрамында жалпысібірлік экономикалық кеңес құруды және жер, ұлттық басқару қалпын талқылайды. Сонымен қатар съезд президиумына Семей облысынан Ә. Бөкейханов және Ә. Ермеков тағайындалады [13, 179–180 бб.]. Міне осы Сібір автономистері съезінен қайтар жолда Ә. Бөкейханов Семей жұртшылығымен кездескеннен кейін Омбы қаласына келіп, А. Тұрлыбаевтың қарсы алуымен және ұйымдастыруымен өнеркәсіп орындары, қаладағы қазақ жастары, және «Бірлік» ұйымымен кездесу өткізеді. Соңында А. Тұрлыбаевтың төрағалығымен «Алаш» партиясының облыстық комитеті құрылады.

Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съезінің ұйымдастырылу, өткізу ісіне белсене араласқан Айдархан Тұрлыбаевтың өзі оған қатыса алмайды. Мұрағат деректеріне сүйенсек бұл уақытта А. Тұрлыбаев 6 желтоқсанда Томскіде өткен Төтенше жалпысібір съезіне «Алаш» партиясы атынан қатынасады [14, 138 п.]. Соған қарамастан, Ә. Бөкейхановтың шешімімен болса керек, Алашорда үкіметі төрағасына оның кандидатурасы ұсынылады. Жабық дауыс беру нәтижесінде Ә. Бөкейхан – 40, Б.Құлманов – 19, және А. Тұрлыбаев – 20 дауыс алады. Өзі болмаса да елге қызметін ескеріп, оны Ақмола облысы атынан Алашорда үкіметі мүшелігіне сайлайды.

Танымал заңгерді 1918 жылы 28 маусымда Батыс Сібір Комиссарияты Уақытша Сібір үкіметінің бұйрығымен Омбы аймақтық соты әкімшілік бөлімі құрамынан Ақмола облыстық комиссариятына тағайындайды [15, 2 п.].

1918 жылдың 19 маусымында Батыс-Сібір комиссарияты қаулысының негізінде Ақмола облыстық комиссарияты құрылып, төрағалыққа П.И. Кортусов, мүшелікке А.Г. Кордо мен А. Тұрлыбаев тағайындалады. Міне осындай құрамда Ақмола облыстық комиссарияты ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды. 1918 жылы 30 маусымда Сібірдің жоғары үкіметтік құқы Батыс-Сібір комиссариятынан Уақытша Сібір үкіметі министрлер Кеңесіне өтеді. Саяси жағынан Батыс-Сібір комиссариятынан гөрі министрлер Кеңесі оңшыл болады. Кейбір мәселелерді шешуде қатал позиция ұстанады. П.И. Кортусов пен ішкі істер министрі В.М. Крутовский арасында мәселелерді шешуде келіспеушіліктер пайда болып, Ақмола облыстық комиссариятының мүшелері А.Г. Кордо денсаулығының нашарлауына ал, Тұрлыбаев Алашорда жалпы қазақ халқының кеңесі Алашорда құрамына сайлануына байланысты Омбыдан Семейге жол жүретінін түсіндіріп, өтініш жазып қызметтен босайды. Бірақ, А.Тұрлыбаев өтінішіне қарамастан Семей қаласына кетпей Омбыда қала береді. Ол 1918-1919 жылдың екінші жартысынан бастап присяжный поверенный қызметін жалғастырып, қоғамдық жұмыспен айналыса бастайды. 1918 жылдың жазында Ресейді қайта өркендету қоғамының Омбы бөлімшесінде, ал, 1918 жылдың 22 қыркүйегінде Омбы қалалық думасына гласный болып сайланады [16, 162, 163, 170 бб.].

1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы дирекция құлап, үкімет билігі адмирал Колчакқа өткен кезде, Алашорда үкіметі онымен келіссөз жүргізбек болады. Содан Колчак үкіметі Ішкі істер министрінің орынбасары П.Ф. Коропачинскийдің төрағалығымен 1919 жылдың 11 ақпанында Омбы қаласында өткен «Қазақ-қырғыз халқының әкімшілік-шаруашылық құрылымы туралы мәселе» бойынша ведомствоаралық құрылым жөніндегі мәжіліске Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейхановпен бірге оның мүшелері ретінде А. Тұрлыбаев пен У. Танашев та барады [17, 125,133 бб.].

1920 жылы Қазақ кеңес автономиялық республикасы құрылып, шекара орнатылғанда Ақмола облысының бұрынғы орталығы-Омбы қаласы Ресей федерациясына кетіп, А. Тұрлыбаев та сол қалада Қазақ АССР-ның Омбы облысындағы өкілдігінің төрағасы қызметін атқарады. 1921 жылы қарашада Қызылжар мен Омбының уездерінің арасындағы шекара мәселесі, Қазақ АССР-нан Омбы оқу орындарына келгендердің материалдық жағдайымен, қазақ жеріндегі аштықпен күресіп, Омбы уезі қазағынан азық-түлік жинап еліне қол ұшын береді. Тұрлыбаев бұл қызметті 1923 жылдың ақпан айының соңына дейін істейді [18, 59 б.].

А. Тұрлыбаев 1937 жылдың 4 шілдесіне дейін Омбы облыстық кәсіподағында заң кеңесшісі қызметін атқарып жүргенде тұтқындалып, 17 қарашада НКВД басқармасы үштігінің шешімімен атылып кетеді. Тек 1957 жылы 13 тамызда Сібір әскери округі әскери трибуналының қаулысымен Айдархан Тұрлыбаев ақталады [19, 27 б.]. Ел үшін өмірін қиған осындай арысымыздың туғанына биыл 140 жыл толады.

Қорыта айтқанда, А. Тұрлыбаевтың өмір жолындағы атқарған істері, қызметтері қазақ халқын азаттыққа, өркениетті елдер қатарына жеткізу мақсаттарын өзіне берік ұстаным еткен қайраткерлігін, нағыз адамдық бейнесін биіктете түседі. Сондықтан да біз үстіміздегі жылы Алаш үкіметінің 100 жылдығы қарсаңында ХХ ғасырдың бірінші жартысында Қазақстандағы қоғамдық саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде қазақ халқын ұлттық–азаттыққа жеткізу позициясын ұстанып, сол жолда аянбай еңбек еткен алаш

ардақтылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов т.б. азаматтардың қатарында осыған дейін есімі қалың бұхараға көп айтыла қоймаған А. Тұрлыбаевтың да тұрғандығын ашып көрсеткеніміз дұрыс.

Әдебиет тізімі

1. Санкт-Петербург ОМТМ. 14-қ, 3-т, 34521-і., 14-қ, 8-т, 1609-і.
2. Киргиская степная газета 26 желтоқсан 1899 г. №52.
3. Санкт-Петербург ОМТМ. 14-қ, 8-т, 1609-і.
4. Омбы ОМТМ Қор-10, Тізім-1, Іс-1338.
5. Әбуев, Қ. Қазақстан: тарих және тағылым. – Астана: Елорда, 2006. – 320 б.
6. Шаяхметов, Н.У. Ел-бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін / Оқу құралы. – Алматы, 2001. – 149 б.
7. Жиренчин, К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX веков. – Алматы. 1996. – 352 с.
8. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. 4-ші Т: Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж.-желтоқсан 1919 ж. / Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – декабрь 1919 г. – Т.4. – 352 б.
9. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
10. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
11. Киргизский съезд, Степная речь. Петропавлск. – №226, 6 октября 1917 г.
12. Томск ОММ. 578-қ. 1-т, Д. 2-і.
13. Аманжолова, Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. – Алматы, 2013. – 400 с.
14. Томск ОММ. 578-қ. 1-т, 1-і.
15. Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты. 1847-қ, 5-т, 808-і.
16. Шишкин, В.И. Комиссары и управляющие Акмолинской области (июнь 1918-ноябрь 1919 г.) Известия Омского государственного историко-краеведческого музея. – Омск, 2006.
17. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание в 9 томах / құрас.: Жүсіп Сұлтан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. – қазақша-орысша. Т.7. – 520 б.
18. Берденов, А. Пережитое в книге Страницы трагических судеб: Сб. Воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг. // Сост. Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, А.Н. Ипмагамбетова и др. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 448 с.
19. Байдалы, Р.Ж., Кабульдинов, З.Е. Айдархан Тұрлыбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағы, III б. 442 б. / Жалпы ред. бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Бекмагамбетова, М.Ж.,

к.и.н., доцент,

Бекмагамбетов, Р.К.,

советник ректора, к.и.н.,

КГПИ, г. Костанай, Казахстан

ЛИЧНОСТЬ И ЭПОХА: К 140-ЛЕТИЮ БАЙКАДАМА КАРАЛДИНА

Как отметил глава государства Н. Назарбаев необходимо изменить общественное сознание, чтобы стать единой Nation сильных и ответственных людей [1]. Модернизация духовного сознания невозможна без объективного освещения, оценки и переоценки места и роли тех или иных исторических персонажей. Особенно, конечно, тех из них, которые обрели подлинный общественно значимый статус в истории того или иного общества или народа, государства или нации. Одним из них является наш земляк Байкадам Каралдин. Он принадлежал к такому типу людей, которые благодаря особым